

5.6. Балаларды ұрып-соғу және оларға зорлық-зомбылық көрсету жағдайларын анықтау бойынша ұсынымдар

Баланың қандай да бір сыртқы белгілері мен мінез-құлқына қарап балаға зорлық-зомбылық жасалғанын болжамдауға болады. Бірақ ол үшін қандай да бір жалғыз белгі емес, бірнеше белгінің болуы маңызды.

Бірлесіп келгенде адамның назарын аударып, сақтандыратындай жалпы және нақты белгілерді атап көрсетелік:

1. Бала нашар дамиды: оның психикалық және физикалық дамуы жасына сәйкес келмейді.
2. Бала күтім көрмеген, ұқыпсыз, үстінен күлімсі шығады. Ол сүлесок, жиі жылайды немесе керісінше, агрессивті, ызалы мінез танытады.
3. Бала өзгермелі мінез-құлық танытады: ол үнемі тыныш қалыптан күрт қозған немесе керісінше жағдайға өтіп отырады. Мұндай мінез-құлық көбінесе баланың басқа балалармен нашар байланысқа түсуіне себеп болады, оның оқшаулануына, топтан бөлінуіне алып келеді.
4. Бала өзінің денесіне жиіркенішпен қарайды, тіпті өзіне дене жарақатын салуға дейін барады.
5. Ол шешінуден бас тартады, ыңғайсыз жерлеріндегі көгерген орындар мен жараларды көрсетпеуге ұмтылады.
6. Оған сырқаттанғанын айтып, басының ауырғанына, ішінің ауырғанына, зәр шығару органдары айналасындағы қабынуларға байланысты қайта-қайта шағымдану тән.
7. Бала таныс ер адамға (әкесіне, ағасына, көршісіне және т.б.) немесе анасына қатысты анық өштестік немесе қорқынышты сезінеді.
8. Қол көтерілген жағдайда қалшылдап, дірілдейді (соққыдан қорқып, жиырылады).
9. Басқа балалардың басында болған секілді етіп зорлық-зомбылық немесе сексуалдық тұрғыдан емексу жағдайлары туралы айтады.
10. Жоғарыда аталған белгілерге сондай-ақ ұйқымен қараңғылықтан қорқумен, шыжындықпен байланысты мәселелер де қосылуы мүмкін.

Физикалық зорлық-зомбылықты сыртқы түріндегі белгілер мен жарақаттардың сипатына қарап тануға болады.

сыртқы түрі: ерекше сипаты бар көптеген жарақаттар:

- 1) таяқпен немесе шыбықпен ұрғаннан кейін қалған қанталаған сызықтар; 2) сыммен, белбеумен, арқанмен ұрғаннан кейін қалған іздер секілді тұзақ түріндегі қанталаған іздер; 3) арқанмен немесе белбеумен байлаған немесе қысқаннан түскен іздер; 4) темекімен күйдірген іздер; және түрлі деңгейдегі ескілігі (жаңадан болған және жазылып келе жатқан): физикалық дамудың тежелуі (салмағының жетіспеуі және бойының өспеуі), судың кетуі, құрғау (емшектегі балалар үшін); нашар күтімнің белгілері (гигиеналық тұрғыдан қараусыздық, сыртқы түрдің ұқыпсыздығы, бөртпе).

Жарақаттардың негізгі түрлері денеде – көгеру, сыдырылу, жара, заттармен, ыстық сұйықтықтармен, темекімен күйдіргеннен немесе белбеумен ұрғаннан қалған іздер; ішкі органдардың немесе сүйектердің жарақат сипатында зақымдануы. Бүлдіршін жастағы балаларға физикалық зорлық-зомбылық көрсетудің ерекше нысаны зақымдану белгілері сырттай білінбейтін ретинальды геморрагиялармен және субдуральды гематомалармен (бастың ми қабының айналасына қан құйылу) сипатталатын ми шайқалу синдромы болып табылады. Есінен тану, құсу, бас ауыру түрінде көрінеді.

Сексуалдық зорлық-зомбылық салдары деп күмәндануға мүмкіндік баланың сыртқы түріндегі, жарақаты мен ауруы сипатындағы ерекшеліктер:

- генитальды,анальды немесе оральды жолдардағы зақымданулар, оның ішінде қыздық перденің бүтіндігінің бұзылуы, кеуде немесе мықын терісінің зақымдануы;
- анустың кеңеюі;
- киімдегі, терідегі, анальды және генитальды органдардағы шауһат іздері;

- жыныстық жолмен берілетін аурулар;
- жүктілік;
- зәр шығару жолдарының қайталама немесе созылмалы инфекциялары;
- салмақтың күрт өзгеріуі (жоғалту немесе қосу);
- қынаптан қан кету; психосоматикалық бұзылыстар.

Баланың мұқтаждықтарын елемеу – ата-аналардың немесе оларды ауыстыратын адамдардың тарапынан балаға қарапайым қамқорлықтың болмауы, соның салдарынан баланың эмоционалдық жай-күйі бұзылып, оның денсаулығына немесе дамуына қауіп төнеді. Баланың мұқтаждықтары мен мүдделеріне қатысты күмәндануға болатын белгілер:

- шаршаңқылық, түрі ұйқылы-ояу, қабағының ісіңкі болуы;
- санитарлық-гигиеналық тұрғыдан қараусыздық, биттеп кету;
- үзбей жеткілікті тамақтанған жағдайда да салмақтың азаюының өсе түсуі (мысалы, ауруханада немесе сәбилер үйінде болған кезде);
- бойдың өсуінің тежелуі немесе физикалық дамудағы жалпы артта қалушылық;
- баланың жағдайы жақсарған және оған қамқорлық жасаған кезде жоғалып кететін тілдік және моторлық тежелу;
- айқын білінетін жергөктік бөртпе және денеденсу кету;
- баяу жүретін созылмалы инфекциялық аурулармен байланысты жиі аурушандық;
- қауырт және жедел көмек бөлімдеріне үзбей жату;
- кездейсоқ жарақат алудан немесе уландан қайталап зақым алу.

Балаға қаталдық көрсетеді деп күмәндануға мүмкіндік беретін ата-аналар мен қорғаншылардың мінез-құлқының ерекшеліктері:

- баланың жарақат алу себептерін түсіндірудегі қарама-қайшылықтар, шатасулар және болған оқиғаны анықтай түсуге құлықсыздық; медициналық көмекке кеш жүгіну немесе көмек сұрау бастамасы басқа адамның тарапынан болуы;
- жарақат үшін баланың өзін кінәлау;
- ата-аналардың келтірілген зақымның ауырлығына барабар жауап қайтармауы, оны асыра көрсетуге немесе азайтып көрсетуге тырысуы;
- баланың тағдырына алаңдамау;
- баламен қарым-қатынас жасаған кезде мейіріммен эмоционалдық қолдаудың болмауы;
- балалық шағында өздерін қалай жазалағаны туралы әңгімелер;
- мінез-құлықтағы психикалық бұзылыстар немесе мінезде патологиялық белгілердің байқалуы (агрессивтілік, қозу, ауытқушылық және т.б.); **Зорлық-зомбылық жасалғанына күмән туындағанда:**

- 1) баланы қорғау, сондай-ақ емдеу-диагностикалық іс-шаралар өткізу (көрсеткіштер бойынша), оның ішінде психологтың консультациясын өткізу үшін медициналық мекемелерге жатқызу;
- 2) жергілікті ішкі істер органдарына, прокуратураға және қамқоршылық, қорғаншылық органдарына міндетті түрде хабарлау қажет.